# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№03 (125), наурыз, 2020 жыл


# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ҮНДЕУІ



**Құрметті отандастар!**

Баршаңызға мәлім, қазір бүкіл әлем өте күрделі ахуалды бастан өткеруде. Дүние жүзін коронавирустың таралуы алаңдатып отыр. Бұл індет күннен-күнге ушығып барады. Өкінішке қарай, осы дерт біздің елімізде де тіркелді. Менің кешегі Жарлығыммен бүгін таңғы сағат 08.00-ден бастап Қазақстанның аумағында төтенше жағдай енгізілді. Төтенше жағдай режимі 30 тәулікке созылады. Президент жанынан Мемлекеттік комиссия құрылды. Оны Премьер-министр басқарады. Барлық қажетті алдын алу шаралары жүзеге асырылады. Қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынады. Көпшілік қатысатын іс-шаралар тоқтатылды. Көптеген азаматтарымыздың алдағы мереке күндеріне орай жоспар құратынын түсінемін. Дегенмен, бүкіл халықтың денсаулығы үшін осындай шешім қабылдап отырмыз. Ірі сауда нысандарының жұмысын шектеуге мәжбүрміз, бірақ азық-түлік дүкендері және базарлар өз жұмысын жалғастыра береді. Ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер және жұртшылық көп баратын басқа да орындар уақытша жабылады. Оқушылар демалысқа жіберілді. Студенттер қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Сондай-ақ, азаматтарымыз отбасылық іс-шараларды өткізбеген жөн деп санаймын. Қазақстан Республикасының аумағына кіруге және шығуға шектеу қойылады. Мемлекеттік шекара бойындағы өткізу бекеттерінде, вокзалдар мен әуежайларда санитарлық режим күшейтілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет қорынан дәрі-дәрмек, тест-жүйелерін және зертханаға арналған жабдықтарды алу үшін қаражат бөлінді. Ауруханаларда орын жеткілікті. Осы шаралардың барлығы – азаматтардың денсаулығы үшін жасалып отырған өте маңызды қадамдар. Мұны дұрыс түсінесіздер деп ойлаймын.

Сақтанғанды Құдай сақтайды.

Бұл індетпен күресуге толық мүмкіндігіміз бар екенін баса айтқым келеді.

Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз.

Бұл – уақытша дүрбелең.

Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек!

Енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс. Әр адам барынша сақтанып, вирустың таралмауына атсалысуы қажет. Еліміздің барлық азаматтары өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетеді деп сенемін. Осындай кезде бәріміз сабыр сақтап, тәртіпке бағынуымыз керек. Дерттің алғашқы белгілері пайда болған жағдайда бірден тұрғылықты жердегі дәрігерге қаралу қажет. Бәріміздің азаматтық жауапкершілігіміз осындай сәтте сыналады.

Біз экономикалық жағдайды басты назарда ұстаймыз. Мемлекет барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындайды. Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында бұған қажетті қорымыз қалыптасты. Қаражат бар.

Осы орайда, азық-түлік қоры жеткілікті екеніне назар аударғым келеді. Күнделікті тұтынатын тауар бағасын негізсіз қымбаттатуға жол берілмейді. Біз ел-жұртты дүрліктіретін, арандататын әрекеттерге тыйым саламыз.

Жалған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек. Біз осы жаһандық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет.

Татулық пен тұтастықтың арқасында кез-келген қиындықтан шығуға болады.

Сондықтан, бәріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет.

Береке мен бірлік бәрін де жеңеді!

**Уважаемые казахстанцы!**

Как вам известно, министерство здравоохранения официально заявило, что на сегодняшний день у девяти казахстанцев диагностированы признаки коронавируса. Есть опасность распространения.

Вирус завезен извне. Зараженные граждане находятся под наблюдением врачей. Люди, с которыми они контактировали, установлены и тоже находятся под медицинским контролем.

Казахстан раньше многих стран создал специальный экспертный штаб и межведомственную комиссию на уровне Правительства, принял план по противодействию распространению вируса. Объявленная Всемирной организацией здравоохранения пандемия коронавируса приобрела угрожающий масштаб. Поэтому в соответствии с казахстанским законодательством мной подписан Указ о введении чрезвычайного положения на территории нашей страны.

Режим чрезвычайного положения действует с 8 часов утра 16 марта 2020 года и продлится 30 суток. В случае необходимости действие режима может быть продлено. Указом предусмотрены необходимые превентивные и профилактические действия. Усиливается охрана общественного порядка. Введен запрет на проведение массовых мероприятий. Многие казахстанцы строили планы на предстоящие праздники, кто-то хотел посетить концерты, кто-то спортивные соревнования. К сожалению, ради нашего всеобщего здоровья от этого придется воздержаться.

В то же время вводится ограничение функционирования крупных объектов торговли, но продуктовые и другие магазины, где продаются товары первой необходимости, в том числе находящиеся внутри торгово-развлекательных центров, конечно, продолжат работу. Режим функционирования рынков определит государственная комиссия на основе предложений местных исполнительных органов. Временно закрываются развлекательные центры, кинотеатры, театры, выставки и другие объекты с массовым скоплением людей. Школьники отправлены на ранние каникулы, студенты вузов и колледжей переводятся на онлайн-обучение. Это внесет коррективы в учебный процесс, но здоровье детей – наш приоритет.

Гражданам надлежит отказаться от проведения массовых собраний, связанных с семейными и памятными торжествами.

Вводятся ограничения на въезд и выезд с территории Республики Казахстан. Прошу отнестись к этому с пониманием.

Но вышеуказанные меры не распространяются на грузовые перевозки. В пунктах пропуска на госгранице, на вокзалах и в аэропортах усилен санитарно-эпидемиологический режим.

По моему поручению из резерва Правительства выделены средства для приобретения лекарственных средств, тест-систем, лабораторного оборудования. В больницах страны имеется достаточный коечный фонд. Хочу особо отметить, что государственными органами разработаны планы по организации санитарно-профилактических и противоэпидемических мероприятий.

Призываю граждан Казахстана оказывать необходимое содействие уполномоченным службам.

Всем нам в данной ситуации нужно проявить ответственность и дисциплину.

При первых признаках недомогания необходимо незамедлительно обращаться в медицинские службы по месту проживания.

Уклонение от прохождения медицинского обследования и нарушение карантинного режима будут наказываться.

При этом нужно помнить о простых способах заботы о себе и о своих близких: регулярно мыть руки, соблюдать санитарную гигиену, стараться избегать мест массового скопления людей. В эти дни большая нагрузка ложится на работников системы здравоохранения. Многое зависит от их профессионализма и человеческого участия. Этот непростой этап в жизни страны наши медики должны пройти с честью и сделать все необходимое для сохранения здоровья казахстанцев.

**Дорогие соотечественники!**

Мы стали свидетелями крайне отрицательного влияния коронавируса на глобальную экономику. По сути дела, речь идет о переформатировании всей мировой экономической системы. Казахстан ощущает на себе последствия этого колоссального кризиса. Но, несмотря на экономические катаклизмы, мы примем все необходимые меры, чтобы не допустить роста социальной напряженности, безработицы.

Благодаря дальновидной политике Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева международные резервы нашей страны достигли около 90 миллиардов долларов.

Это серьезная гарантия сохранения стабильности нашей экономики и выполнения социальных обязательств государства. Мы переориентируем бюджетные расходы на те направления, которые дадут максимальный эффект для обеспечения занятости и бизнеса. На поддержание отечественных предпринимателей и создание новых рабочих мест будет выделено не менее 300 миллиардов тенге.

Нельзя допустить снижения уровня кредитования бизнеса. Для наполнения внутреннего рынка и стимулирования производства будет увеличено финансирование программы «Экономика простых вещей».

На волне ажиотажа спекулятивное завышение цен недопустимо. По моему поручению Правительство и акимы всех уровней возьмут этот вопрос на жесткий контроль.

Я также подписал Указ «О мерах по обеспечению стабильности функционирования государства». Этот документ позволит повысить эффективность государственных органов, укрепить вертикаль власти и оперативно принимать все необходимые решения в условиях кризиса, в том числе в налоговой сфере, если это понадобится. Указ дает право проводить необходимые закупки медикаментов и других средств в упрощенном порядке, в основном у отечественных производителей. Таким образом, мы сэкономим драгоценное время и средства, что очень важно в сложившихся чрезвычайных обстоятельствах. Убежден, что мудрость и высокая гражданская ответственность нашего народа, слаженные действия общества и государства позволят нам преодолеть все трудности.

Те, кто распространяют провокационную информацию и пытаются посеять панику, понесут наказание согласно закону.

Призываю всех граждан Казахстана сохранять спокойствие, помогать друг другу, беречь себя и близких.

Сила духа нашего народа, свойственный нам оптимизм и позитивное отношение к жизни сегодня особенно важны.

**Құрметті отандастар!**

Біз – тарихымызда небір қиындықты бастан өткерген халықпыз. Сол сынақтардан, ең алдымен, береке-бірліктің арқасында сүрінбей өттік. Бүкіл халықты жұдырықтай жұмылуға, сабыр сақтауға шақырамын.

Бұл күрделі жағдайды бәріміз бірге еңсереміз деп сенемін!

Халқымыз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Біз біргеміз!

**Уважаемые коллеги, 13 марта 2020 года был издан Приказ Об усилении мер по недопущению распространения коронавирусной инфекции среди работников АО НК «КазМунайГаз». Просим Вас ознакомиться с наиболее важными пунктами данного Приказа**

# БҰЙРЫҚ-ПРИКАЗ

В связи с пандемией коронавирусной инфекции (COVID-19), в целях недопущения ее распространения среди работников АО НК «КазМунайГаз», **до особого распоряжения ПРИКАЗЫВАЮ:**

**1.** Отменить все виды командирования работников АО НК «КазМунайГаз» (далее по тексту - КМГ), как за пределы Республики Казахстан, так и по территории Республики Казахстан.

**2.** Отменить проведение всех массовых мероприятий (праздничных, концертных, культурных, спортивных мероприятий, проведение конференций, форумов, семинаров, выставок и др.); приостановить организацию и направление работников на обучающие курсы, семинары, тренинги, либо обеспечить их проведение путем дистанционного (онлайн) обучения.

**3.** С 16 марта 2020 года полностью перейти на электронный документооборот с подписанием приказов, служебных записок и иных внутренних документов в системе электронного документооборота (с отлагательным условием собственноручной подписи на бумажном носителе по факту личного присутствия на рабочем месте), за исключением исходящих писем во внешние организации.

**4.** Управляющим директорам и руководителям подразделений:

- В целях обеспечения непрерывности деятельности критичных бизнес-процессов, а также минимизации риска для работников, в срок до 18 марта 2020 года (по согласованию с работниками) определить перечень работников для перевода на дистанционную форму работы (**не менее 50%** от общего количества работников подразделения) согласно прилагаемой форме с указанием необходимых для эффективной дистанционной работы ИТ-сервисов и направить списки в Блок управления человеческими ресурсами и Блок управления информационными технологиями; *Примечание: При определении работников для перевода на дистанционную форму работы, предпочтение отдавать работникам пенсионного и предпенсионного возрастов, работникам с хроническими заболеваниями, беременным женщинам, многодетным матерям, женщинам, имеющим детей в возрасте до трех лет, одиноким матерям, воспитывающим ребенка в возрасте до четырнадцати лет (ребенка-инвалида до восемнадцати лет), иным лицам, воспитывающим указанную категорию детей без матери, а также работникам с симптомами ОРВИ.*

- Определить график ротации работников, занятых на дистанционной работе и время начала и окончания рабочего дня. При этом продолжительность дистанционной работы отдельного работника должна составлять не менее 14 календарных дней;

- Направить в трудовой отпуск работников с неиспользованными днями оплачиваемого ежегодного трудового отпуска за прошедший календарный год;

- В срок до 20 марта 2020 года обеспечить перенос критичных данных возглавляемых структурных подразделений в сетевые папки, а также на переносные носители информации (жесткие диски);

- Проводить совещания путем телефонной и видео-конференц-связи. При проведении совещаний с личным присутствием работников ограничиваться количеством участников не более 6 человек;

- Запретить личные поездки работников в страны категории 1а, 1б, 2, 3 (согласно Приложению 1 к Постановлению главного государственного санитарного врача Республики Казахстан №12-ПГВр от 4 марта 2020 года), а также настоятельно рекомендовать подчиненным работникам отказаться от личных поездок в иные зарубежные страны и максимально ограничить перемещение по территории Республики Казахстан;

**5.** Всем работникам:

- При переводе на дистанционную форму работы строго соблюдать меры социального дистанцирования;

- Строго соблюдать рекомендации по профилактике коронавирусной инфекции;

- При появлении симптомов ОРВИ отказаться от прихода на работу, незамедлительно обратиться к врачу с последующим открытием больничного листа до полного выздоровления;

- Отказаться от посещения мест массового скопления людей;

- Отказаться от рукопожатий, поцелуев, объятий и иных форм физического контакта между собой;

- При использовании лифтов, заходить в лифт в количестве не более 8 человек;

- Сообщать непосредственному руководителю о планируемых личных поездках в зарубежные страны и перемещениях по территории Республики Казахстан.

**6.** Первым руководителям дочерних и зависимых организаций (по согласованию):

- Сформировать и активировать штабы / команды по управлению кризисными ситуациями (либо аналогичных органов управления);

- Обеспечить принятие аналогичных мер в возглавляемых организациях с учетом специфики производства;

- Рассмотреть возможность перевода части работников центральных аппаратов на удаленные производственные объекты на вахтовый метод работы;

- Рассмотреть возможность увеличения продолжительности вахты для персонала, работающего вахтовым методом до 28-30 дней (с учетом продолжительности инкубационного периода коронавирусной инфекции);

- Обеспечить осуществление санитарно-эпидемиологического контроля при начале, а также в течение вахты персонала, работающего вахтовым методом;

- Обеспечить пункты питания (столовые) необходимым запасом продуктов для бесперебойного функционирования производственных объектов / вахтовых поселков;

- Обеспечить принятие аналогичных мероприятий в подрядных организациях.

**7.** Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

**И.о. Председателя Правления** **Ж.Марабаев**






*Маңызды!*

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНДА КОРОНОВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

«Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамында коронавирустық инфекцияның алдын алу және оның таралуына жол бермеу бойынша бірқатар шаралар қабылданды.

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің Қаулысына, сондай-ақ "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-да жедел штаб құрылды, Қоғам қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі іс- шаралар Жоспары әзірленді.

Іс-шаралар Жоспары шеңберінде Қоғам қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдардың коронавирустық инфекция бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайы бар шет елдерге жұмыс сапарлары шектелді; Қоғам объектілерінде барлық мәдени-бұқаралық іс-шаралар тоқтатылды; Қоғам аумағындағы барлық өндірістік объектілер, тұрғылықты және тамақтану объектілері дезинфекциялық құралдардың қажетті санымен қамтамасыз етілген, дезинфекциялық режим күшейтілген және ол тұрақты бақылауда. Барлық қызметкерлерге жұмыс орнында "таза үстел" саясатын сақтау талабы қойылды, жұмыс орындарын дезинфекциялау және таза ұстау жөнінде үгіт-насихат шаралары, сондай-ақ көпшілік жиналатын орындардан, жиындарға баруды шектеу жөнінде түсінік жұмыстары жүріп жатыр. Мұнайшыларға медициналық қызмет көрсететін «MEDITERRA» денсаулық орталығы Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы медпункттерде және Ақтау қаласындағы емханада коронавирус инфекциясының алдын алу мен тарамауына бағытталған оқу-жаттығу шараларын өткізуде. "Коронавирустық инфекцияға күдікті науқас анықталған жағдайда іс-қимыл алгоритмі" және "коронавирустық инфекцияға күдікті немесе науқас анықталған кезде алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізудің жедел жоспары" әзірленді.



Бүгінгі таңда компаниядағы әлеуметтік жағдай тыныш, еңбек ұжымы қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауды жалғастыруда. Барлық жұмыс орындары сақталады. Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу бойынша жағдайды қалыпты ұстауға, өндіріс процесінің тұрақтылығын сақтау бағытында ішкі резервтерді қосу арқылы нақты шаралар алыну үстінде.





Сондай-ақ "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы барлық мердігерлік және сервистік ұйымдармен өзара тығыз байланыста, оларға қатысты мәселелерді үйлестіруде. Қоғам басшылығы қоғам қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне байланысты барлық мәселелерді, сондай-ақ өндіріс тұрақтылығын сақтауға байланысты мәселелерді қатаң бақылауда ұстайды.

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің саны 4012 адамды құрайды. Оның ішінде 17 қызметкер – ҚХР азаматтары Қытай аумағында жалақысы сақталмайтын демалыста.

Жедел штаб отырыстары кестеге сай өткізілуді, қоғам қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне байланысты, сондай-ақ өндірістік циклдің тұрақтылығын сақтауға байланысты мәселелер компания Басқармасының қатаң бақылауында.

*Компания тынысы*

# ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ - БАСТЫ НАЗАРДА

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ портфеліне еліміздің бірнеше алдыңғы қатарлы шикізат өндірушілері мен өңдеушілері, ірілі-ұсақты сервистік компаниялар кіретін ең ауқымды жұмыс берушілерінің бірі. Сондықтан Ұлттық Компания қатарына кіретін мекемелер ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау жалпы елдегі тұрақ-тылықты сақтау дегенмен үндеседі. Осы орайда, былтырдан бастап ұжым ішіндегі әлеуметтік тұрақтылық Индексін анықтау үшін бұрын қолданылып келген сауалнамалар орнына мәселенің жаңа қырларын ашуға, сондай-ақ алынатын шаралар тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік зерттеулер енгізілді.

Бұл зерттеулер алдын ала жасалған жоспар бойынша Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының мамандарымен жылына бір рет өткізіледі. Нәтижесінде зерттеу нысанына айналған компанияның әлеуметтік тұрақтылық индексі анықталып, Ұлттық Компания тарапынан анықталған жайттар бойынша қажетті іс-қимылдарды қамтитын іс-шаралар жоспары жасақталып, зерттеуден өткен компания назарына ұсынылады. Компания өз кезегінде ұсынылған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып, өздерінің ішкі жоспарын жасақтап, олар бойынша жасалған жұмыстар жөнінде тоқсандық есеп беріп отыратын болады.

2020 жылғы ақпан айының 12 күні әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы Ақтау қалалық филиалында 2019 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы арасында әлеуметтік тұрақтылық индексін анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулер қорытындысы таныстырылды. Зерттеуге Компания ұжымының сапалық, санаттық және гендерлік құрылымына сай Компания персоналының 399 қызметкерінен тұратын кіші моделі жасақталып қатыстырылған. Олардың 76% жұмысшылар, 21% инженерлік-техникалық қызметкерлер, 3% жетекшілер құрап, оның ішінде 42% жоғары білімді, 38% кәсіптік білімді, 20% орта білімді болса, оның 88% ер адамдар да, калған 12% әйел адамдар құраған.

Зерттеу әлеуметтік тұрақтылық индексін құрайтын 4 кіші индекс бойынша жүргізілген. Олардың алғашқысы персоналдың жалпы белсенділігінің көрсеткішін анықтаса, келесісі әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін, үшіншісі әлеуметтік тыныштық деңгейін, төртіншісі жалпы Компанияның әлеуметтік даму деңгейін анықтайды.

Сонымен, 2019 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік тұрақтылық индексі 67% құрап отыр. 2018 жылы бұл көрсеткіш 62% деңгейінде болған. Бұл жоғарыда аталған әлеуметтік тұрақтылық индексін құрайтын 4 кіші индекстің біріктірілген орташа көрсеткіші. Олардың үшеуі бойынша Компанияда ілгерілеу бар. Мәселен әлеуметтік қамсыздандыру индексі 2018 жылы 59% болса, 2019 жылы 72% дейін өскен; әлеуметтік тыныштық индексі 2018 жылы 29% болса, 2019 жылы 50% жеткен; жалпы Компанияның әлеуметтік даму деңгейі 2018 жылы 98% болса, 2019 жылы 100% жеткен. Тек персоналдың жалпы белсенділігінің көрсеткіші 2018 жылғы 44%-дан 2019 жылы 29% дейін түскен. Алайда бұл көрсеткіштің кейін шегерілуі тек біздің Компанияда ғана байқалған құбылыс емес, жалпы Ұлттық Компания бойынша да бұл кіші индекс көрсеткіші 2018 жылы 65% құраса, 2019 жылы 56% дейін төмендеген. Демек, тенденция жалпы ұлттық болып отыр.

Ендігі мәселе құлдыраған индекстерді көтеріп, кері кету жағдайларын болдырмау. Әр кіші индексті анықтау үшін ондаған сұрақтың жауаптары сараптамадан өтуі керек. Мысалға, 44-тен 29%-ға төмендеген индекс көрсеткіші арнайы киім сапасы, қоғамдық тамақтану, корпоративтік құндылықтар, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, қауіпсіздік, оқыту және дамыту сынды сан-түрлі әлеуметтік маңызы жоғары 23 сұрақтың жауабынан құралады. Яғни көрсеткіштер графигі жоғары жылжу үшін тиісті сұрақтар шешімін тауып, жұмыс жасалуы керек.

Осы орайда, Компанияның жауапты құрылымдық бөлімдері тиісті іс-шаралар жоспарын жасақтауға кірісіп кеткендігін тілге тиек еткім келеді. Бірнеше тармақтан тұратын құжат қызметтердің ұйымдастырылуындағы осал тұстарды оңтайландыруға бағытталады. Жұмыстардың жүрісі Басқарманың бақылауына алынып, тоқсандық есептерін осы газет бетіне жариялап отыратын боламыз.

*Қайырымдылық*

# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ХАБАРЛАЙДЫ

Құрметті әріптестер, «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының 2020 жылы ақпан-наурыз айында атқарған қызметі туралы шағын есепті назарларыңызға ұсынамыз.

2020 жылы Қор қызметіне алғаш болып Компаниямыздың бұрынғы қызметкері, зейнеткер Лена Шинбаева апамыз жүгінді. Лена апамыздың қолындағы кенже ұлы созылмалы қатерлі ісік ауруына шалдығып, бірнеше күрделі оталарды бастан кешкен. Қазіргі таңда денсаулығын қалпына келтіру үшін ауыр химиялық ем түрлерін қабылдауға мәжбүр. Емнің әр курсы 207 000 теңге тұрады. Осы орайда, Қор алқасы кеңесе келе, 2020 жылғы қаңтар айының қайырымдылық жарналары есебінен Қор шотына жиналған 244 000 теңге көлеміндегі қаражатты Лена апамыздың өтінішін қанағаттандыруға жұмсау туралы шешім қабылдады. Аталған қаражат ақпан айының 18 күні апамызға табысталды.

2020 жылдың ақпан айы есебінен жиналған қаражат Компания әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің қызметкері Р.Ережепованың өтінішін қанағаттандыруға жұмсалды. Әріптесіміз жақын тумаласының қатерлі ісік ауруына шалдығуына байланысты ем-дом шараларын алуға материалдық жәрдем сұраған болатын. Қамқорлық кеңестің ортақ шешімімен 240000 теңге көлеміндегі қаражат Р.Ережеповаға табысталды.

Құрметті әріптестер, көп түкірсе көл болары белгілі. Осындай қайырымды істе көпшілік болып жұмылуға шақырамыз. Қор салымшысы боламын десеңіз 212-194 телефон нөміріне немесе бұрынғы «КазНИПИ» ғимараты 241 кеңсеге жолықсаңыз болады. Жақсылық жасауға асығайық!

# НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

**Өмір - ащысы мен тұщысы қатар жүретін ұлық сапар. Наурыз айы туғанда думандатып, дүркіретіп өткізетін тойлар биыл әлемдегі жағдайларға байланысты тыюлы. Өкінішті-ақ... Дегенмен, өткенге саяхат жасап, сол бір кездер тудырған жылы сезімдерді тағы бір жаңғыртсақ деп, назарларыңызға редакция қоржынында жатқан маңғыстаумұнайгаздық мұнайшылардың Наурыз думанынан естелік суреттерді ұсынып отырмыз. Мереке құтты болсын, әріптестер!**











## Құрметті әріптестер!

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан дана халқымыз көктем маусымын жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп қабылдаған. Қайта түлеген табиғат-анамен бірге күллі адамзат баласы жаңа мүмкіндіктер мен биік белестердің көкжиегіне қадам басады деп сенген. Ескі реніштер кешіріліп, өкпелер өшіріліп, адамзат баяны жаңа парақтан басталған. Олай болса, жыл айналып қайта жеткен Амал мерекесі мен ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Тышқан жылы ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын!

Өткен жылға өкпеміз жоқ, келер жылдан үміттіміз! Елдің ырысын еселеу жолында биіктерді межелеп, бағытымызды бағдарладық. Бүгінгі таңда әлемді меңдеген дағдарыс, мұнай нарығындағы ауыртпалықтар әрбірімізден батыл шешімдер мен табанды еңбекті қажет етеді. «Еңбек түбі зейнет» дейді қазақ. Қоғамның өркендеуі, сіз бен біздің тұрмысымыздың тұрақтылығы мен жайлылығы осы зейнет қағидасының мүлтіксіз сақталуына тура тәуелді. Ендеше, мұнайшылар ұжымына тән ынтымақтастық пен жарасымдылық, жасампаздық пен еңбекқорлық сан түрлі қиындықтар мен сынақтарды белден басып, баршамызды берекелі болашақтың асқаралы биігіне бастап барады деп сенеміз.

Құрметті әріптес! Біздің басты құндылығымыз – біздің бірлігіміз. Ал бірлік – тірліктің негізі. Ұшқан құстың қанаты талатын Алтайдан Атырауға дейінгі осынау алып аймақ бірліктің арқасында атадан балаға мирас болып келеді. Құлқынның емес, ұлтының амандығын ойлаған абыз бабаларымыз «Төртеу түгел болса, төбедегі келер» деп елді ұйымдасуға шақырған. Ал ұйымдасқан қашанда ұтатыны белгілі! Әлемді дағдысынан тайдырған жаңа қауіп бізден осы бір қасиетіміздің жандануын талап етіп отыр. Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатырған сақтық шараларының сәтті болуы әрбіріміздің оған деген көзқарасымыз бен тыянақтылығымызға байланысты. Бір кісідей жұмылып уақытша қиындықтарға төтеп берсек, асыра сілтемей, заңды талаптар мен шарттарды мұқият орындасақ, бұл індеттің де қауіпі сейілер күн алыс емес. Ендеше, жұмыла көтеріп, жеңісті күндеріміздің жақындауына бірге жұмыстанайық!

*Мерекелеріңіз құтты болсын!*
*Айдан аман, жылдан есен болайық!*

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**





































*Еңбекпен есейген Ерлер*

# ҰСТАЗ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ



Маңғыстауда мұнай мен энергетика саласына қатысы бар жұртшылыққа Қалабай Төлегеновтің есімі етене таныс.

Қалабай аға жиырмасыншы ғасырдың басымен келген зобаланды тартудай-ақ тартқан Ештай атанған Естай болыстың 12-13 ұлынан қалған көз. Сахи, жомарттығымен аты шыққан Естай болыс туралы көз көргендерден жеткен жақсы сөз, абырой-атақ – ұрпағына мирас.

Әкесі Төлеген Естаев Фортта мектеп директоры болған. Ел шетіне жау тигенде бауырлары – Көкше, Қонысбай, Қабыл деген үш ағасымен соғысқа аттанып, майданда қаза табады. Сүйектері қалмақ даласында қалған боздақтардың бәрі сауатты, мектептің оқытушылары болған екен. Ағайынды жігіттердің төртеуінен бірдей бір күнде қара қағаз келіп, төрт шаңырақтың күлдіреуішінің бір күнде күйрегені бала Қалабайдың көкірегінде мәңгіге қалған қайғы-қасірет. Жетім қалған бала детдом-пансионатта тәрбиеленеді.

17 жасында мектепті үздік аяқтаған ол Баку қаласындағы индустриалды институтқа өз күшімен оқуға түседі. Институтта оқып жүргенде осы оқу орнын бітірген үздік түлектердің Құрмет тақтасынан Сафи Өтебаевтың суретін көріп, хат жазады. Оқуы аяқталғанша соғыс құрбандарының баласы ретінде қаржылай көмек бергізген Сафи ағаның қамқорлығы әлі күнге дейін жүрегінің түбінде. Бұл қамқорлық пен ағалы-інілі сыйластық өмір бойына жалғасты. Өміріндегі маңызды шешім қабылдайтын қай тұста болмасын Абыз ағаның аялы алақаны мен шарапатын көрді.

1960 жылы институтты абыроймен аяқтап, жолдама арқылы Гурьев қаласына келеді. Совнархозға жұмысқа тарткысы келген Сафи ағасынан өзі өндіріске жіберуді сұрайды. Сөйтіп 1961-65 жылдар аралығында «Эмбанефть» бірлестігіне қарасты Қаратон мұнай өндіру мекемесіне электромонтер болып орналасып, содан бас энергетик лауазымына дейін өседі. Маңғыстауға 1965 жылдың аяғында оралған жас маман 20 жыл бойы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында бас энергетик қызметін атқарып, түбек өндірісінің дамуына үлкен үлес қоса білді. Өндірістің қайнаған ортасы Жетібай, Өзен секілді мұнайлы елді мекендерден бастап, мал шаруашылығымен айналысатын қашықтағы кеңшар орталықтарына дейін жарықтандыру жұмыстарын жүргізді.

Бүгінде Қалабай Төлегенұлы өзі ұстаз аға тұтқан Сафи Ағаның «Елдің азаматы болатын жастардың қолы таза болсын, ары таза болсын, халқына, ханға да, қараға да, малшыға да, жалшыға да, патшаға да бірдей жүрегі таза болуы шарт!» – деген сөзін жас кезінен жазылмаған заң есебінде қабылдап өмір сүргенін жасырмайды.

-1986 жылы Алматыда тұратын Сафи Өтебайұлы бір күні үйге телефон соқты,- дейді Қалекең. Қасында Рахмет Өтесінов те бар екен. Саған айтпақ бір бұйымымыз бар, үкімет Ақтаудан атом станциясын салдыратын сыңайлы, сен соны салдырмауды талап ететін ынталы топ ұйымдастыр. Егер атом станциясы іске аса қойса, бүкіл Маңғыстаудың болашағына қауіп төнетінін өзің де білесің ғой, – деді Сафекең.

АЭС-ті 2006 жылы Ақтауда атом электр станциясының тоқтатылғаны белгілі. Енді соның орнына тағы басқа жаңасын салғысы келді. Соны салдырмауға Сафи, Рахмет бастаған ынталы топ көп жұмыс жасады. Себебі уранды қалдықтардың құрамындағы түрлі қоспалар ашық жатқан жағдайда радиация шашып, ауаны ластайды, сондықтан қоршаған ортаға тигізер зияны орасан көп. Осының бәрін ғылыми негізде дәлелдеп, станцияны жіберу кезінде 9-11 балдық сілкініс болуы мүмкін екеніне көздерін жеткізетін инженерлік есебін жасап, дәлелдеп тоқтаттық. Болашақта энергия көзін табиғаттың өзінен, желден, күннен алуды жоспарлап, тоқты қоршаған ортаға зиянсыз жолдармен өндіруді қолға ала бастаған, тіпті игере бастаған елдер бар. Мысалы, әлемнің өркениетті елдері, әсіресе солтүстік теңіз жағалауындағы елдерде энергия көзін табиғаттың өзінен алу жолға қойылып, Нидерланды елінде теміржол қатынасы жел энергиясы күшімен орнаған. Біздің де сайын даламызда жиі соғып тұратын желдің тасқыны күшті, соны пайдамызға жарата білсек, таяу болашақта желдиірмендердің өнімін, күн қызуынан алынатын энергия қуатының игілігін көретінімізге сенім мол - дейді зейнет жасында болса да өз кәсібіне деген қызығушылығы ортаймаған Қалекең.



*ГТЭС-тің алғашқы вахтасы*

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жеткен үлкен жетістіктерінің бірі – Қаламқас кенорнындағы Газ Турбиналы Электр Станциясының (ГТЭС) іске қосылуы да осы Қалабай Төлегеновтің еңбегі. Тиімділігі жоғары бұл жоба – әлемнің бірнеше дамыған елдерінде қолданыста. Осы ГТЭС арқылы өндірілетін электр энергиясымен – ауаны ластайтын қаншама ілеспе улы газды тазалап, оны пайдаға жаратуға болады. Оның өндіретін қуаты Қаламқас кенорнын энергиямен толықтай қамтамасыз етуге жетеді. Қолданысқа енген уақыттан бастап ГТЭС жұмысының нәтижесінде 1,7 млрд. кВт сағат электр қуаты өндірілді, оның бағасы 1 кВт сағ.электр қуатына шаққанда – 6 теңге. Ал өзге электртораптық бөлу компанияларының бағасы - 19 теңге. Айырмашылық – жер мен көктей. Осылайша, Қаламқастағы ГТЭС салынған 2014 жылдан бастап, бүгінгі 2020 жылдың 1 қаңтарына дейінгі электр энергиясын өндіруден берген үнемдеуі – 16 млрд 447 млн 371 мың теңгені құрады.

Жалпы, ГТЭС-ті салу туралы жоспардың өзі алуан түрлі ой-пікірлер мен қарама-қайшылықтар тудырды. Алғашқыда ГТЭС-ті Қаламқастағы батпақты сордың жағасына орнату ұсынылды. Бірақ, ГТЭС зауыт тәріздес өте ауыр салмақты, әрі жерге бекітілген тіреуі жоқ құрылғы. Сондықтан, терең сорға батып кету қаупі бар, ондай жағдай бола қалса, ол үлкен мәселе болады. Сондай-ақ, сол кездегі энергетик азаматтар ұсынғандай, станция 110 кВт кернеуіне қосылса, энергетика тәуелсіздігіне қол жеткізе алмайды, әрі ГТЭС берген экономияның пайдасын өзге электртораптық бөлу мекемелері көретіндігін жанын сала дәлелдеген де Қалабай Төлегенұлы. Білікті мамандар осындай пікір алмасулардан кейін, жаңа технологияның барлық қыр-сырына қанығып, ГТЭС-ті өндіріске қажетті деп таныды. Сондықтан, оны Қаламқаста орнатуға және де тек «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өзінің электрлік жүйесіне (35 киловольттық кернеуге) ғана қосуға Central Asia Petroleum басшысы Рашид Сәрсенов тапсырма беріп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басшысы Сағын Қырымқұлов қатаң қадағалап, Қаламқаста ГТЭС салынуға бірауыздан шешім қабылданды.

Осыдан кейін, Компанияның арнайы шақыртуымен Швециядан Ақтауға «SIEMENS» заводының бас директоры Гельмут Прагер ұшып келеді. Қаламқас кенорнына барып, сол кездегі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры С.Е. Қырымқұлов және энергетик Қалабай Төлегенов үшеуі ГТЭС салатын жерді көріп, орнын актімен белгілеп, бекітті. Жобаны салуды басқару Қ.Төлегеновке жүктелді. Ол өз саласын жетік меңгеріп, 1968 жылы Мәскеуде өткен жетінші Дүниежүзілік энергетиктер конгресіне қатысқан энергетика саласының білікті маманы еді. Сол кездері шетел мамандарымен жақсы танысып, олардан көп жаңалық, білім үйренгендігі өз нәтижесін берді десе болады. Қатарынан 3 жыл бойы шәкірттерімен Германия, Франция, Швецияда өндірістік тәжірибеде болды. Техникасы озық дамыған елдерде тәжірибе жинақтап, ГТЭС құрылысын салуды үйренді. Оқу оқып, тәжірибе алмасты, электр схемасымен таныса келе, «SIEMENS» зауытында емтиханнан өтіп, жұмысқа лайық деген мәртебелі құжат – сертификат алды. Дрезденьде, Хемнице, FYNSVURG зауытындағы сынауға өзі комиссия ретінде қатысып, қуаты 45 мың кВт-тан тұратын 2 комплект ГТЭС-ті көптеген қиыншылықтармен елге алып келді. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет Германияның «SIEMENS» фирмасының ГТЭС тапсырысы орындалды және Францияның атақты «ALSTOM» фирмасының газды қорғауға арналған электр жабдықтарын ГТЭС-те жаңалық ретінде орнату іске асырылды.

ГТЭС жобасын іске асыруға барлығы 16,74 млрд.теңге жұмсалды. Бүгінде «SIEMENS» зауытынан алған екі дана ГТЭС өндірісте зор табыспен жұмыс жасап тұр. Қосымша 31 жаңа жұмыс орны ашылды. Стансаның іске қосылуы Маңғыстау электр энергия торабы жүйелерінің жұмысын 8 пайызға дейін жеңілдетті, сондай-ақ, бұрын электр жүйелерінің апаттық жағдайда өшіп қалуынан болған мұнайдың жоғалу фактісін тоқтатты.

Осы жұмыстардың оңынан оралып, сәтті аяқталғанына қуанған Сафи Өтебаев: «Енді көңілім тыныштталды, бұл бірігіп атқарған еңбектің жемісі болды. Алла қаласа, ГТЭС-тің игілігін болашақ ұрпақтарымыз көреді», - деп нық сеніммен айтқандығын ұстаз алдындағы парызының орындалғанындай көреді. Шәкіртіне өзінің суретін беріп тұрып «Ағаңның ақ тілегімен ұсынған ақ батасы осы. Мойнымдағы бойтұмарым деп, ішкі төсқалтаңда сақтап ұмытпағайсың!» - деп аманат айтады.

- Мен де ризашылығымды білдіріп: «Сафи аға-ау, бұл маған ең құрметті орденнен де қымбат сыйлық. Сізді ұмытпаймын!» - дедім. Жылдар бойы Сафи ағаның аманат сөздері, ақ батасы өзіме күш-қуат берді, көңілімді демеді,-дейді Қалабай аға. Сынаптай сырғыған уақыт-ай! Ақылшы ағаның арамыздан кеткеніне бірнеше жылдардың жүзі болыпты-ау. «Өткен өмір ұмытылмайтындығымен құнды» деген рас екен. Сафи Өтебаев ағамыздың бар болмысы, атқарған ауқымды істері мен бойындағы асыл қасиеттері мен сияқты көзкөргендердің мәңгі жадында. Саналы ғұмыр кешіп, артына қалдырған өнегелі істерінің игілігін бүгінгі ұрпақ көруде. Жақсының артында қалған жағымды сөз, жылы лебіз дегеніміз осы болса керек.

Қалабай Төлегенұлы энергетика саласындағы жылдар бойы жемісті еңбегі және өлке мұнай өндірісін дамытудағы ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген энергетигі, мұнай өндіру саласының үздігі атағына ие болып, «ГОЭЛРО – 50 жыл» төсбелгісі, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Өңір өнеркәсібін дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін ардагер энергетикке Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаты табыс етілген.

Сексеннің сеңгіріне шыққан Қалабай Төлегенұлы ұстазы Сафи аға үйреткендей өмірлік, азаматтық позициясына адал, қоғамдық та белсенділіктен қалған жоқ. Керек жерде бой көрсетіп, өмір ағымына әлі де үн қосып жүрген ағамызға зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз.

**Арайлым Ақшаева**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Еленген еңбек өнімді*

# ЕҢБЕК – ЕРДІҢ НЕСІБІ



Еңбек адамының еңсесі биік болатынын терең түсініп, көп жылдан бері еңбекқорлығымен, адамгершілік асыл қасиетімен кейінгі толқын жастарға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген азаматтардың бірі Жетібай құрылыс құрастыру қызметінде электргазбен пісіруші болып табысты еңбек етіп келе жатқан Өтебай Айтбайұлы Маңғыстау түбегінің теңіз айлағы Аққетік қаласында дүние есігін ашты. 12 балалы отбасының үлкені болғандықтан мектеп бітіргеннен кейін кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, пісіруші мамандығын меңгерді де ата-анасына көмектесіп, бауырларының өсіп-жетілуіне жәрдемші болды.

Өтебай Айтбайұлы жұмыста қолданылатын электрлі пісіру машиналары мен пісіру камераларының құрылысын, пісіру жігі мен оттегілік кесуден (жонудан) кейінгі беттерге қойылатын талаптарды, электродтар сылағының қасиеттері мен маңызын, пісіру жіктерін бақылаудың негізгі түрлерін, болат таңбаларына байланысты электрод таңбаларын іріктеу тәсілдерін, пісірілетін бұйымдарда ішкі кернеулер мен дефор-мациялардың пайда болу себептерін және олардың алдын алу шараларын жете біліп, жұмысында ақау жібермеуге бар күшін салады. Қызмет басшысы Әбдіжамал Омаров күшіне емес, ісіне сенген Өтебай Айтбайұлының құбыр құрылысындағы ең керекті пісіру ісінің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, білікті маман екендігін ризашылықпен айтып отырады. Еш уақытта ескерту алып, ұятқа қалып көрмеген, жұмысына тыңғылықты, уақытпен санаспай, жұмыс көлемін аяқтағанша, берілген өндірістік тапсырмаларды орындап бітіргенше орнынан тапжылмайтын еңбекқор жан. Қабақ шытып, шаршағанын білдірмейтін жайсаң Өтекең тапсырылған жұмысты аса жауапкершілікпен мүлтіксіз атқарады, жастарға ақылын айтудан, мол тәжірибесін үйретуден жалықпайды. Ұзақ еңбек жолында үлкенге ізетті іні, кішіге ақылшы аға бола білді.

Өтекең көп жылғы адал да жоғары кәсіби еңбегі үшін Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Өтекең зайыбымен бірге балалары Салауат, Салтанат, Нұрсұлтаннан көрген немерелерін қызықтап отырған үлгілі отбасы.

Адам өмірі жиған-тергені, жасаған жасымен емес, еткен еңбегімен бағаланады. Өзі ісіне адал, табандылықпен еңбек етіп жүрген майталмандардың бірі Өтебай Айтбайұлы - нағыз еңбек адамының үлгісі деп айтуға болады.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# ЦИФРОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ




На сегодняшний день для развития цифровой инфраструктуры компанией ТОО «Мунайтелеком» совместно с ТОО «Caspian Food» в сотрудничестве с АО «АлмаТел Казахстан» с торговой маркой «АЛМА ТВ» на месторождении Каламкас, были установлены спутниковые приёмные телевизионные антенны, смонтированы цифровые телевизионные станции и разветвлённая кабельная инфраструктура, обеспечено вещание **130 цифровых** телевизионных каналов, в том числе и каналы с HD качеством, подключено более 800 абонентских точек, предоставлено квалифицированное сервисное обслуживание (оперативное реагирование на заявки, устранение возникающих повреждений в кратчайшие сроки, сервисные сотрудники снабжены современными приборами измерения качества сигнала.)

Сегодня невозможно представить нашу жизнь без телевизионных каналов, телефонов и интернета. В рамках реализации Государственной Республиканской программы «Цифровой Казахстан» целями которой, является ускорение темпов развития экономики и улучшение качества жизни населения за счет использования цифровых технологий в среднесрочной перспективе и создание условий для перехода экономики Казахстана на принципиально новую траекторию развития, обеспечивающую создание цифровой экономики будущего в долгосрочной перспективе.

«Цифровое эфирное телевидение –это новый этап развития телевидения во всем мире.»

Цифровое телевидение значительно превосходит аналоговое телевидение по качеству изображения и звука, более устойчиво к помехам, при этом позволит передавать больше телеканалов с возможностью дополнительных функции.

Внедрение цифрового телевидения решит проблемы с жалобами потребителей, что прямо влияет на социальный климат на месторождениях.

**ТОО «Мунайтелеком»**

# ИНФОРМАЦИЯ О ПРЕДПРИНИМАЕМЫХ ТОО «OIL SERVICES COMPANY» МЕРАХ ДЛЯ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЯ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИИ

В рамках исполнения Приказа № 72 «Об усилении мер по предотвращению и недопущению распространения коронавирусной инфекций среди работников АО НК «КазМунайГаз» в OSC создан оперативный штаб под председательством генерального директора, для оперативности распространения информации и мониторинга выполнения задач создана группа в социальном мессенджере Whatsapp.

Кроме того, усилен контроль за работой всех участков и подразделений, а также медицинских пунктов. Лица с признаками ОРВИ будут незамедлительно направляться в медицинские пункты на транспортных средствах, выделенных специально для этих целей, посредством мессенджеров направлены памятки по мерам предосторожности от коронавируса.

В оперативной штаб ежесуточно предоставляется информация о состоянии здоровья 2558 сотрудников ТОО и подрядных организаций, оказывающих услуги по аутсорсингу. Ежедневно проводится дезинфекция транспортных средств, используемых для перевозки людей в количествое более 6 человек. Во избежание скопления людей оперативные и производственные совещаня проводится посредством аудиоконференций.



С 17 марта на дистанционный вид работы переведены более 40 % сотрудников центрального офиса.

На текущий момент среди персонала ТОО «Oil Services Company» нет зарегистрированных случаев заражения вирусом COVID-19, предприятие работает в штатном режиме. Медучреждение, оказывающее услуги по предсменному медицинскому осмотру персонала имеет необходимые ресурсы и обученный штат для оказания первичной врачебной помощи пациентам.



# В РАБОЧЕМ РЕЖИМЕ

**ТОО «Caspian Food» продолжает работы по улучшению социально-бытовых условий проживания нефтяников на месторождении Каламкас.**

По информации начальника отдела административных вопросов ТОО «Caspian Food» Майрамбая Епена, силами подрядной организации завершен капитальный ремонт общежития №37, силами «Caspian Food» завершен текущий ремонт общежитий № 10 и 11, в которых проживают работники ТОО «OSC». Близятся к окончанию совместные работы ЦТРОЗС ДКС АО «Мангистаумунайгаз» и ТОО «Caspian Food» по текущему ремонту общежития № 38.

Кроме того, ведутся работы по текущему ремонту общежития №12, после их завершения начнутся ремонтные работы в общежитиях № 8 и 9. В целом в этом году силами подрядных организаций планируется капитальный ремонт еще трех общежитий.

Также стоит отметить, что в конце 2019 года начато строительство прачечного комплекса с дезинфекционной камерой и оборудованием химической чистки. Ожидается, что прачечный комплекс будет введен в эксплуатацию до конца второго квартала текущего года.

*5 сәуір - Геолог күні*

# «ГЕОЛОГИЯ – МЕНІҢ МҰРАТЫМ»

## Алмагүл Оразалиеваның сыры

**Жер бетінде және оның қойнауында болып жатқан физикалық үрдістерді зерттейтін геология ғылымы – терең ғылым, ал геолог мамандығы әрқашанда сұранысқа ие. Маңғаз өлкенің терең қабатынан ғасырлар бойы тұншығып келген қара алтынды бір күнде «бұрқ» еткізген аға буынның ізін жалғап, геология саласына ғұмырын арнаған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының техник-геологы Алмагүл Оразалиеваның өмір жолы - біздің басылымның бүгінгі санында.**

Алмагүл Абатқызымен әңгіменің өрнегін тілші біткеннің әдетіндегідей бісмілләдан «осы мамандыққа қалай келдіңіз» деген сауалмен өрбіткенімізде жауабы ұрпақтың жалғастығына тірелді. Әкесі Абат Оразалиев Атырау мұнай техникумын «тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірген тұңғыш түлектердің бірі. Бұл соғыстан кейінгі 1947 жыл болатын. Елдің еңсесі көтерілмеген тұс.

50-жылдардың басында Маңғыстауда мұнай өндіруді қарқынды бастау жөнінде Мәскеуден бұйрық түседі. 1951 жылы Түбежекте мұнайдың көзі бар екендігі анықталады. Сол жылдары Абат Оразалиев тусыраған ту өлкеге түрен салған мұнай барлаушыларының тұңғыш қарлығаштарының бірі ретінде Түбежекте еңбек жолын бастайды.

Мамандыққа таңдау жасауыма өз өмірін мұнай саласына арнаған әкем ықпал етті, - дейді Алмагүл Абатқызы. Болашақ мамандығымды таңдауыма әкемнің бала кезімізде маңдайымыздан сипап отырып, «осы қызым дәрігер», «мұғалім қызым», «менің жолымды қуатын қызым» дейтіні сеп болды-ау деймін. Қазір ойласам, бұл әкенің тайға таңба басқандай әрқайсымыздың маңдайымызға жазып кеткен тағдыры болса керек...

1966 жылы, желтоқсанда Атырау облысында, көп балалы қарапайым отбасында дүниеге келген ол төрт қыз, екі ұлдың арасында еркелей өскен оның бағдаршамы әкесі болды. Әкенің салған сүрлеуімен 1986 жылы Гурьев политехникалық техникумының «Мұнай-газ геологиясы және барлау» мамандығын таңдады. Әлі есімде, он бес қыз болып тәжірибе алмасуға Маңғыстауға келгені.



- «Бұл мамандық қыздарға қол емес, өндіріс басында жүресіздер, қиын болып жүрмесін, жасай аласыздар ма? деп кадр бөліміндегі Оспанов ағамыз шегелеп сұрағанда «әрине» деп кірісіп кеттік қой... Қазір сол қыздардың әрқайсысы әр салада. Тек саусақпен санарлы ғана мұнай саласында еңбек етіп жүр, - деп өз әңгімесін Алмагүл апа әрі қарай жалғады.

Алмагүл Абатқызы Оразалиеваның ғұмырбаяны мен қызмет жолындағы әр қадамы – жас геологтар үшін үлкен мектеп Гурьев политехникалық техникумынан кейін Ш.Есенов атындағы Ақтау институтынан мұнай саласы бойынша жоғарғы мамандықты игеріп алды.

Еңбек жолын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №1 мұнай-газ өндіру цехында операторлықтан бастады. Ол жерде операторлықтың үшінші, төртінші дәрежелерін игеріп, екінші бригадаға ауысады. Мастер Алик Айдарбаев бастаған мықты маманның қарамағында еңбек етіп, өндірістік қабілеті шыңдалған Алмагүл Абатқызы сол жылдары диспечерлік пульт операторы, кезекші-технолог болып еңбек етеді. 1991 жылдан бастап жаңұя жағдайына байланысты жеті күндікке ауысып, бүгінде техник-геолог болып жұмыс жасап келеді.

1992 жылы он құрсақ көтерген отанасы бар, өскен-өнген мұнайшылар отбасына келін болған Алмагүл апамыздың өзі бүгінде үш ұл, бір қыздың аяулы анасы.

-Геология саласына енді қадам басып жатырған жас маманадр өз ісін шебер меңгеруге, мықты геолог атануға ұмтылады. Мұндай дәрежеге жету үшін, әрине, қажырлы еңбектің қажет екені даусыз. «Геолог болу – өте жауапты да құрметті жұмыс. Мықты геолог болу үшін мықты зейін, байқампаздық, мұқияттылық, ақпаратты терең талдай білу сияқты қасиеттер керек-ақ. Бұдан өзге далалық жерде жұмыс жасау үшін төзімділік пен қажыр-қайрат болмаса тағы болмайды. Мен осындай қасиеттерді басшымыз Қазыбек Көшербай, Сағи, Әділхан, Кемал інілеріміз бастаған жас буынның бойынан көремін. Олар - еңдігі болашақ», - деп байырғы геолог өз тәжірибесімен осылай бөлісті.

Жауапкершілікті тереңірек сезіну, намысқа тырысу, жанашырлық, елге де бауырға да қарлығаш көмекке дайын қасиет басқасын білмеймін, қазақтың қызына тән. Туған жерінің, төл компаниясының абыройы үшін ер-азаматтармен қатар күш жұмсап келе жатқан Алмагүл Абатқызының қадыр-қасиетін бағалайтын отбасы, сыйлас ұжымы бар. Мұнан артық бақыт бар ма?!

«Әріптестерімді төл мерекемен құттықтай отырып, әр геологтың шағын ұжым үшін ғана емес, сондай-ақ Компанияның, облыстың, қала берді ел ауқымында қосып жатқан үлесі орасан зор екенін айтқым келеді. Денделеріне саулық, кәсіби табыстар, бірлік-береке және отбасылық бақыт тілеймін!» - деп ақ тілегін арнаған Алмагүл Абатқызына бақытыңыз ұзағынан сүйіндірсін дейміз!

**Лаура Жолдыбаева**

*Спорт*

# ЕСТЬ ЗОЛОТО И СЕРЕБРО!



**Сразу две медали – золотую и серебряную - завоевал водитель транспортного департамента АО «Мангистаумунайгаз» Рахымжан Бекбосынов на чемпионате Республики Казахстан по пауэрлифтингу.**

Чемпионат страны по пауэрлифтингу проходил с 5 по 12 марта в Шымкенте. Турнир проводился по правилам Всемирной организации International Powerlifting Federation (IPF).

Участниками соревнований стали более 500 спортсменов. Мангистау представили 25 атлетов, которые в итоге завоевали 10 золотых, девять серебряных и три бронзовые награды.

Рахымжан Бекбосынов, выступавший в весовой категории до 105 кг, завоевал золотую медаль в упражнении – «экипировочный жим» и серебряную в упражнении – «безэкипировочный жим».

Мы от души поздравляем коллегу с высокими достижениями и желаем новых спортивных побед!









Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілiп, беттелді.

Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500